



Бекітемін
«Oil Construction Company» ЖШС
Бас директор
Мұратбай Д.М.
№ 33-Е «11» 11 2025 ж.

«OIL CONSTRUCTION COMPANY» ЖШС-НІҢ САПА САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ

«Oil Construction Company» ЖШС-нің (бұдан әрі – Серіктестік) көзқарасы – өндірістік қызметте жоғары стандарттарға сәйкес келетін, бәсекеге қабілетті құрылыс компаниясы болу.

Серіктестік басқаруды қолданыстағы заңнамалық және нормативтік талаптарға, тапсырыс берушілердің талаптарына, сондай-ақ СТ РК ISO 9001 стандартының талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ететіндей деңгейде ұйымдастыруға, сондай-ақ біріктірілген менеджмент жүйесінің (бұдан әрі – БМЖ) құрамындағы сапа менеджменті жүйесін қолдауға және дамытуға ұмтылады.

Серіктестіктің басымдықтары:

➤ Тапсырыс берушілермен жұмыс өзара тиімді ынтымақтастық қағидаттарына негізделеді, көрсетілетін қызметтердің жоғары сапасын қамтамасыз етуге және шарттық міндеттемелердің орындалуына жауапкершілікке бағытталады.

➤ Жоғарғы басшылықтың сапа саласындағы Саясат пен Мақсаттардың бірлігін қамтамасыз етуі, барлық қызметкерлердің кәсіби мүмкіндіктерін мақсаттарға қол жеткізу үшін тиімді пайдалануына жағдай жасау.

➤ Бизнес-процестерді талдау және мүмкін болған жағдайда процестерді автоматтандыру арқылы өндіріс тиімділігін арттыру және өнімсіз шығындарды төмендету.

➤ Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін өндірістік процестерді барлық қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету, шикізатты, материалдарды және энергия ресурстарын ұтымды пайдалану.

➤ Сапа менеджментінде және Серіктестіктің жалпы қызметінде тәуекелге бағдарланған қағидаттарды қолдану.

➤ Мемлекеттік органдар, тапсырыс берушілер және жұртшылық алдында Серіктестіктің қызметі мәселелері бойынша ақпараттық ашықтықты қамтамасыз ету.

Осы Саясат тапсырыс берушілердің қанағаттанушылығын және процестердің нәтижелілігін арттыруға бағытталған сапа саласындағы мақсаттарды белгілеу, талдау және қайта қарау үшін негіз болып табылады.

Серіктестік басшылығы:

– осы Саясат сапа саласындағы құндылықтар мен қағидаттардың көрінісі болып табылатынын мәлімдейді;

– оны іске асыру және сапа менеджменті жүйесінің жұмыс істеуі үшін жауапкершілікті өзіне алады;

– мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті ресурстар мен жағдайларды қамтамасыз етеді;

– тапсырыс берушілердің талаптарын, қолданылатын заңнамалық және нормативтік талаптарды орындауға, сондай-ақ сапа менеджменті жүйесінің тиімділігін қолдауға міндеттенеді.

Серіктестік қызметкерлері Сапа саласындағы Саясаттың маңыздылығы туралы хабардар және өз міндеттерін адал орындау және БМЖ талаптарын сақтау арқылы оның мақсаттарына қол жеткізуге өз үлестерін қосады.

Саясат барлық қызметкерлер мен мүдделі тараптарға жеткізіледі, корпоративтік ресурстарда оналастырылады және үш жылда кемінде бір рет немесе Серіктестіктің қызметіндегі өзгерістерге байланысты қайта қаралады.